ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

20 наурыз 2025 жыл іс № 3115-24-00-2/3566 Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Г.М.Тажиева
сот отырысының хатшысы А.Абсатова
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Жамбыл облыстық мамандандырылған оңалту орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Инжиниринг Проект 2050» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАП АРЫЗЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану
2. Атқарылған жұмыстар актісін жарамсыз деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор Таштамиров Ш.
Талап қоюшының өкілі Н.Балтабай
Жауапкер өкілі С.Абенов

ЖИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алу негізінде «Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Жамбыл облыстық мамандандырылған оңалту орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнымен (бұдан әрі - талап қоюшы) «Инжиниринг Проект 2050» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - жауапкер) арасында 20 қараша 2023 жылы №73 жобалау-сметалық құжаттаманы (техникалық-экономикалық негіздемені) әзірлеу

Құжатқа қол қойылған: Тажиева Г. М., 31.03.2025
Заңды күшіне енген күні: 24.06.2025, судья Тажиева Г. М., 26.06.2025
3115-24-3-1/3831

жөніндегі жұмыстар бойынша жалпы сомасы 8 930 880теңге құрайтын келісім-шарт жасалған.

Келісім шарттың 1 қосымшасына сәйкес келісім шарттың орындалу мезгілі 31 желтоқсан 2024 жылға дейін.

27 маусым 2024 жылы жоба кешенді ведомстводан тыс сараптамадан өткен, алайда жұмыс жобасына теріс қорытынды берілген.

28 қараша 2024 жылы жоба қосымша сараптамадан өткен, алайда алайда жұмыс жобасына тағы да теріс қорытынды берілген.

5 маусым 2024 жылы тараптар 2 000 000 теңгеге орындалған жұмыстар актісіне қол қойылған.

Талап қоюшы өз талап қоюында, мемлекеттік сатып алудың қорытындысы бойынша жауапкермен шартқа тұрғанын, алайда шарт міндеттерін тиісті түрде орындамағандықтан, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануды және тараптар арасында қол қойылған атқарылған жұмыстар актісін жарамсыз деп тануды сұраған.

Талап қоюшының өкілі Н.Балтабай талап қоюды қуаттап, оны қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкердің өкілі С.Абенов істі қарау барысында келісім-шарт бойынша міндеттемелер орындалуына байланысты, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Прокурор Ш.Таштамиров талап қоюды қанағаттандыру туралы қорытынды берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1,2 талап бойынша

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 8-бабының 4-тармағының 3-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамағандықтан жауапкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272 бабына сәйкес міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Сондықтан сот жауапкердің іс әрекетін өзіне алынған міндеттемені тиісті түрде орындамаған деп табады.

АҚ-нің 360 бабына сай, егер міндеттемеде кәсіпкердің тапсырысы бойынша әлдебір жұмысты орындау көзделсе, жұмыстың нәтижесін пайдаланудың мүмкін еместігі немесе оны пайдаланудың тиімсіз болу тәуекелі кәсіпкерге жүктеледі.

Құжатқа қол қойылған: Тажиева Г. М., 31.03.2025
Заңды күшіне енген күні: 24.06.2025, судья Тажиева Г. М., 26.06.2025
3115-24-3-1/3831

27 маусым 2024 жылғы 19-0275/24 жұмыс жобасы бойынша теріс қорытынды берілген, себебі онда 10 - тармақтың 9-тармағында «сараптама нәтижелері» көрсетілген-функционалдық мақсаты өзгерген, эвакуациялық шығу жолдары салынған, санитариялық тораптардың құрылысы және т. б. бар үй-жайларды қайта жоспарлау негізсіз қабылданған. ТХ бөлімі қолданыстағы ҚР ҚНжЕ 1.02-03-2022 МЕМСТ 21.101-97 ғимаратының технологиялық шешімдеріне қабылданған түзетулерді негіздей отырып әзірленбегені көрсетілген. Кешенді ведомстводан тыс сараптама жүргізу барысында теріс қорытындыда берілген ескертулер пысықталмағаны анықталған.

«Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Дихан ауылы, Жамбыл облыстық мамандандырылған оңалту орталығын күрделі жөндеу» жұмыс жобасы бойынша 23 қазан 2024 жылғы №19-SS-03/0952 дәлелді ескертулер жолданған, алайда тапсырыс беруші тарапынан келісім шарт талаптары бойынша дәлелді ескертулерге жауаптар берілмеуіне байланысты теріс қорытынды берілген. Тапсырыс беруші мен жобалаушы дәлелді ескертулерге жауап бермеу негізінде теріс қорытынды беру туралы хабарлама жіберілген.

Келісім шарттың 5.9 тармағына сай жобалаушы жобалау-сметалық құжаттаманың сапасына жауапты болады және жобаны кешенді ведомствадан тыс сараптамадан өткен уақытқа дейін, тіпті оның оң қорытындысын алғанға дейін алып жүреді.

Ал, келісім шарттың 5.5 тармағына сай кешенді ведомствадан тыс сараптаманың оң қорытындысын алғаннан кейін жобалаушы ұсынған жобалау-сметалық құжаттаманы қабылдап алу-тапсыру актісіне және одан кейін орындалған жұмыстар актісіне қол қою арқылы қағаз тасығыштарда 4 (төрт) данадан кем емес, және электрондық форматта 2 (екі) данада жобалау-сметалық құжаттаманы қабылдайды. Жұмыстарды Жеткізуші Тапсырыс берушіге жоғарыда көрсетілген Шарттың талаптарына дәл сәйкес жұмыстарды толық тапсырған жағдайда жұмыс орындалған болып саналады. Тапсырыс беруші кешенді ведомствадан тыс сараптаманың оң қорытындысы алынбаса да, 5 маусым 2024 жылы 2 000 000 теңгеге орындалған жұмыстар актісіне қол қойған, ол актіге сай жобалаушыға қаражат төленбеген.

Іс материалдарымен анықталғандай, жауапкер өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған, жауапкермен шарт бойынша міндеттемені тиісті түрде орындаудың мүмкін еместігі туралы сотқа дәлелдер ұсынылмады.

Жауапкер міндеттемелерді уақытылы орындамаған, сондықтан талап қоюшының жауапкер «Инжиниринг Проект 2050» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінмемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және атқарылған жұмыстар актісін жарамсыз деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылуға жатады.

Құжатқа қол қойылған: Тажиева Г. М., 31.03.2025
Заңды күшіне енген күні: 24.06.2025, судья Тажиева Г. М., 26.06.2025
3115-24-3-1/3831

АПК-нің 109 бабына сай жауапкерден талап қоюшының пайдасына 1 846 теңге сот шығындары және АПК-нің 117 бабының 1-бөлігіне сәйкес жауапкерден мемлекет пайдасына 2 086 теңге сот шығындары өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот,

Ш Е Ш І М ЕТТІ:

Талап қоюшы «Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Жамбыл облыстық мамандандырылған оңалту орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны жауапкер «Инжиниринг Проект 2050»жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жозықсыз қатысушы деп тану және атқарылған жұмыстар актісін жарамсыз деп тану туралы талап қою арызы қанағаттандырылсын.

«Инжиниринг Проект 2050» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жозықсыз қатысушы деп танылсын.

«Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Жамбыл облыстық мамандандырылған оңалту орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнымен «Инжиниринг Проект 2050»жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арасындағы 5 маусым 2024 жылғы №230073/01/3 атқарылған актісі жарамсыз деп танылсын.

«Инжиниринг Проект 2050» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен «Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Жамбыл облыстық мамандандырылған оңалту орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге сот шығындары өндірілсін

«Инжиниринг Проект 2050» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 2 086 (екі мың сексен алты) теңге сот шығындары өндірілсін.

Шешімге наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Жамбыл облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық тәртіппен апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья: Г.М.Тажиева

Шешім түпкілікті нысанда 31 наурыз 2025 жылы шығарылған.

Судья: Г.М.Тажиева

Құжатқа қол қойылған: Тажиева Г. М., 31.03.2025

Заңды күшіне енген күні: 24.06.2025, судья Тажиева Г. М., 26.06.2025

3115-24-31/3831

Құжатқа қол қойылған: Тажиева Г. М., 31.03.2025

Заңды күшіне енген күні: 24.06.2025, судья Тажиева Г. М., 26.06.2025